

**«Келісілді»**  
**Атырау облысының**  
**қорғаныс істер жөніндегі**  
**департамент бастығы полковник**  
**полковник \_\_\_ Б. Акбалиев**  
**«\_\_» \_\_\_\_\_ ЖЫЛ**

**«Бекітемін»**  
**Атырау аймақтық дене**  
**тәрбиесі және спортты**  
**дамыту орталығының**  
**директоры \_\_\_ С.Жекенов**  
**«\_\_» \_\_\_\_\_ ЖЫЛ**

**"Сардар» облыстық кешенді олимпиадасын**  
**ұйымдастыру және өткізу туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Сардар" облыстық кешенді олимпиадасының ережесі (бұдан әрі – Ереже) олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу, оның ұйымдық, әдістемелік және қаржылық қамтамасыз етілу тәртібін, "Сардар" облыстық кешенді олимпиадасына (бұдан әрі - Олимпиада) қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері әскери білім беделін насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және еліміздің әскери оқу орындарында оқу үшін барынша дайындалған үміткерлерді анықтау болып табылады.

3. Олимпиада кешенді түрде келесі пәндер бойынша өткізіледі: математика, физика, қазақ тілі, орыс тілі, алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру.

**2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

4. Олимпиадаға денсаулығының жарамдылығы 1 топқа жататын (дені сау, жасы дене дамуына сай, созылмалы ауруы жоқ) жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің, арнайы мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептердің, облыстық білім беру ұйымдарының 11 сынып оқушылары қатыса алады.

5. Олимпиада төрт кезеңде өтеді:

Бірінші кезең-мектепішілік.

Екінші кезең-аудандық (қалалық).

Үшінші кезең-облыстық.

Төртінші кезең – республикалық.

Әр ауданнан (қаладан) облыстық кезеңге 3 адамнан тұратын жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан командалар қатысады.

6. Олимпиаданың әр кезеңі екі турда өтеді:

теориялық – физика, математика, қазақ, орыс тілі және алғашқы әскери дайындық бойынша тест тапсырмаларын орындау;

практикалық – алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру бойынша нормативтерді орындау: жеке саптық дайындық, АК-74 автоматын толық емес бөлшектеу және жинау, 3000 м кросс, 100 м жүгіру және белдікте тартылу.

Облыстық кезеңге тіркеу және жіберу облыстық білім беру ұйымдарының, аудандық (қалалық) білім бөлімінің тапсырысы негізінде жүзеге асырылады.

7. Облыстық білім беру ұйымдары, аудандық (қалалық) білім бөлімдері олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне хаттама, I, II кезең қорытындылары бойынша есептер және олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысуға өтініш ұсынады. облыстық ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: 060011, Атырау қ., ААДТЖСДО e-mail: kab nvr@mail.ru (1,2 қосымша).

8. Олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысатын аудандар (қала) командасы аудандық (қалалық) білім беру бөлімінен өкіл немесе алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы бастап әкеледі, олар Олимпиада өтетін жерге келу жолындағы, оны өткізу барысындағы және тұрғылықты жеріне кері қайту жолындағы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

### **3. Олимпиаданы ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз ету**

9. Ұйымдастық-әдістемелік қамтамасыз ету және Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау бойынша түпкілікті шешім қабылдау үшін ұйымдастыру комитеттері мен қазылар алқасы құрылады.

Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамына әскери прокуратура, Атырау облысының Қорғаныс істері департаменті, «Батыс» Өңірлік қолбасшылығының өкілдері кіреді.

Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы мүшелерінің саны әрқайсысында 9 адамнан аспауы тиіс.

10. Ұйымдастыру комитеті:

іс-шараларды өткізудің жалпы тәртібін бақылайды;

өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады;

конкурстық тапсырмалардың бірыңғай пакеттерін бекітеді;

жұмыстарды шифрлеуді және оларды қазылар алқасына беруді жүзеге асырады;

қазылар алқасының есебін қарайды;

жеңімпаздар мен жүлдегерлер тізімін бекітеді;

қорытынды есепті жасайды;

олимпиада материалдарын баспасөзде жариялайды;

Ережеге сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Олимпиаданың Қазылар Алқасы:

тапсырмаларды тексеруге және жұмыстарды бағалауға қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

тапсырманы тексереді және жұмысты бағалайды;

қатысушыларды тексеру және бағалау нәтижелерімен таныстырады;

ұйымдастыру комитетіне бекіту үшін жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін ұсынады;

Ережеге сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### **4. Тапсырмаларды бағалау критерийлері**

12. Тест тапсырмалары орыс және қазақ тілдерінде әзірленеді. Тапсырмалар мазмұны жоғары күрделіктегі 10, 11 сынып материалына сәйкес болуы тиіс.

13. Олимпиада тапсырмаларын орындау үшін ең жоғарғы балл саны-150.

14. Физика, математика, қазақ, орыс тілдері және алғашқы әскери дайындық бойынша тест тапсырмаларын орындау 75 баллмен бағаланады (әр пән бойынша 25 сұрақ). Әр сұрақ 1 баллмен бағаланады. Тапсырмамен жұмыс істеу уақыты 2,5 астрономиялық сағатты құрайды.

Алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру бойынша нормативтерді орындау 25 баллмен бағаланады (тиісінше 10 және 15 балл). Әр норматив 5 баллмен бағаланады.

#### **5. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау**

15. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің жалпы саны 30 адамнан аспауы тиіс.

Сонымен қатар, қазылар алқасының шешімімен бір пәннен бес үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар грамоталармен марапатталады (егер олар жинаған балдар барынша мүмкін болатын жартысынан көп болса).

16. Олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және АРЦФКиС сайтында орналастырылады.

17. Оқушылар жүлделі орындарға ие болған білім беру ұйымдарының педагогтары, сондай-ақ олимпиаданы дайындау мен өткізуге белсенді қатысқан тұлғалар АОО Құрмет грамоталарымен марапатталады.

#### **6. Олимпиаданы қаржыландыру**

18. Олимпиадаға қатысушыларының және оларға жауапты тұлғаның іссапар шығындары (бару және қайту жолақысы, жататын орны мен тамақтануы) жіберуші тараптың есебінен.

**11-сынып арасындағы I, II кезеңін «Сардар» аудандық (қалалық) кешенді олимпиадасының қортынды есебі бойынша**

**1 формасы 11-сынып арасында өткізілген аудандық (қалалық) «Сардар» кешенді олимпиадасының I, II кезеңіндегі қазылар алқасының мәжіліс хаттамасы**

Өткізілу жері:

№	Қатысушылар аты-жөні	мектебі	оқыған тілі	Пәннен тест (теориялық тур) (ұпайлары)					Практикалық тур (ұпайлары)		Қорт ұпай	орны
				Физ.	Мат.	Қаз.	Орыс	АӘД	АӘД	Дене шын		

Қазылар алқасының төрағасы:

Қазылар алқасының мүшесі:

**2 формасы «Сардар» облыстық кешенді олимпиадасының қортынды кезеңіне қатысу сұранысы**

№	Қатысушының аты-жөні	мектеп	оқыған тілі	аудан, қала	Жетекшінің аты-жөні, жеке телефоны	Лауазымы

Қолы:

Орындаушы, тел.

